

**Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің
«6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы
бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін орындалған
Оралбекова Алия Курбановнаның «Инклюзивті білім беру жағдайында
болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық
технологияларды қолдануға даярлау» атты диссертациясына Отандық
ғылыми кеңесшісі - педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Кеңесбаев Серік Мұқтарұлының
ПІКІРІ**

Білім беруді реформалау жағдайында ағымдағы әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі бар педагогтарды дайындау қажеттілігі туындалған отыр. Қазіргі таңда, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс жасайтын бастауыш сынып мұғалімдеріне технологиялық сауатты болу және игерген дағдылары мен шеберліктерін окушылардың бойында қалыптастыра алыныштыруға мүмкіндік беріледі. Қазіргі заманғы маман, болашақ мұғалім мүмкіндігі шектеулі окушыларға АКТ құралдарын қолдануға көмектесіп, өзінің күші мен әрекеттерін компьютерлер көмегімен жүзеге асыруға, олардың ерекше қасиеттері мен қабілеттерін дамытып, туындаған мәселелерді шешіп, білім алу дағдыларын игертіп, олардың қоғамның толыққанды азаматы болуына көмектесу керек.

Осыған орай жұмысы тек дені сау балаларға ғана емес, сонымен қатар әр түрлі әлеуметтік факторларды, жақын айналадағыларының және әлеуметтенуінің әрекшеліктерін есепке ала отырып дамуында түрлі ауытқулары бар балаларға бағытталған жоғары білікті мектеп мұғалімдері аса қажет. Міне, осы тұрғыдан келгенде Оралбекова Алия Курбановнаның қорғауға ұсынып отырған диссертациясы инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау саласындағы сұраныстарға жауап бересінен өте қажетті де маңызды зерттеу деп айтсақ болады.

Диссертация кіріспеден, тақырып мазмұнын ашатын 2 бөлімнен, қорытынды, әдебиеттер тізімі мен қосымшалардан тұрады. Бірінші бөлімде инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау мәселесінің қазіргі зерттелу жағдайына, алғыс-жақын және отандық зерттеушілердің еңбектеріне, мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсету туралы және инклюзивті білім беруді жүзеге асырудың нормативтік-құқықтық құжаттарына тиянақты талдау жасалынған. Сонымен қатар инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері айқындалып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалынған. Модель төмендегі ерекшеліктерге негізделген: арнайы курс бойынша оқыту сапасының пәннің мазмұнына және таңдалған материалды ұсынудың таңдалған әдісіне тәуелділігі; оқытуудың теориялық бөлігінің арнайы мектептердегі педагогикалық тәжірибемен

үйлесуі; оқушыларды кәсіби іс-әрекетінде АКТ-ны пайдалануға үздіксіз тарту үдерісі; АКТ-ны пайдалануға оқытудың мазмұндық бөлігін нақты мамандықтың ерекшелігіне бейімдеу. Ал екінші тарауда инклузивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау әдістемесінің мазмұны толықтай жасалып, оны тәжірибеден өткізіп, қорытындыларының нәтижелерін тексеру барысы жүргізілді. Әдістеменің мазмұнын ашатын «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алушыларға арналған «Бастауыш білім беруде АКТ-ны қолдану» оку курсының бағдарлама үлгісінің тұжырымдамасы болашақ педагогтарды АКТ-ның көмегімен дифферентті сыныппен тиімді жұмыс істеудің теориялық-тәжірибелік мәселелеріне кезең-кезеңімен, үздіксіз оқытуға негізделіп жасалынған.

Қорытынды бөлімінде диссертант зерттеу негізінде алынған нәтижелерін түйінде көрсетеді де қосымшаларда зерттеу әдістемелерінің үлгілерін береді.

Жалпы қорыта айтқанда, Оралбекова Алия Курбановнаның диссертациялық жұмысының ғылыми жаңалығы, көлемі, алынған нәтижелерінің маңыздылығы, жоғары теориялық деңгейде жүргізілген зерттеу жұмыстары ҚР БжФМ білім мен ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына сай орындалған. Ізденуші А.К.Оралбекова «6D010200-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Инклузивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысын қорғауға жіберуге болады деп есептейміз.

Отандық ғылыми кеңесші,
педагогика ғылымдарының
докторы, профессоры



С.М. Кенесбаев